

Салық ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2010 жылғы 14 желтоқсандағы № 258-IV шешімі. Атырау облысының Әділет департаменті Индер ауданының әділет басқармасында 2010 жылғы 29 желтоқсанда № 4-6-110 тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі!

Акт мемлекеттік тілде ғана ұсынылған.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 15.02.2015 № 350-V шешімімен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Төртінші сайланған Индер аудандық мәслихатының XXVIII сессиясы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабын, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 422 бабын, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы Заңының 36-бабын басшылыққа ала отырып **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қызметін бір әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкаларының мөлшері № 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 2, 3 тармақтарының күші жойылды - Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2013.03.28 № 86-V шешімімен.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудандық мәслихаттың экономикалық даму, бюджет, қаржы, шағын және орта кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы, экология мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (төрағасы депутат Бағдат Сапаров) тапсырылсын.

5. Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 23 желтоқсандағы "Салық ставкаларын белгілеу туралы" № 191-IV (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 26 қаңтардағы № 4-6-93 санды реестріне енгізілген, "Дендер" үнқағазының 2010 жылғы 11 ақпандағы № 7 санында жарияланған) шешімінің күші жойылсын.

6. Шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізілсін.

Аудандық мәслихат XXVIII
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы

Б. Сапаров

Е. Көшек

Индер аудандық мәслихатының
2010 жылғы 14 желтоқсандағы
XXVIII сессиясының № 258-IV
шешіміне № 1 қосымша

Қызметін бір әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкаларының мөлшері

№	Тіркелген жиынтық салық салу нысаны	Тіркелген салық ставкаларының мөлшері (теңге)
		Айына
1	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	екі айлық есептік көрсеткіш
2	Ойын жолы	алты айлық есептік көрсеткіш
3	Карта	бес айлық есептік көрсеткіш
4	Бильярд үстелі	алты айлық есептік көрсеткіш

Индер аудандық мәслихатының
2010 жылғы 14 желтоқсандағы
XXVIII сессиясының № 258-IV
шешіміне № 2 қосымша

Индер аудандық мәслихатының
2010 жылғы 14 желтоқсандағы
XXVIII сессиясының № 258-IV
шешіміне № 3 қосымша

Ескерту. 2, 3 қосымшалардың күші жойылды - Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2013.03.28 № 86-V шешімімен.